

Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "2008 жылға арналған қалалық бюджет туралы" N 5/34 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2008 жылғы 16 шілдедегі N 10/99 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінің Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 23 шілдеде N 11-1-88 тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 116-бабының 5-тармағына , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және 2007 жылғы 6 желтоқсандағы N 8-IV "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "2008 жылға арналған қалалық бюджет туралы" N 5/34 (N 11-1-72 тіркелген, 2007 жылы 27 желтоқсандағы N 213-214 "Маңғыстау" және 2007 жылы 27 желтоқсандағы N 217-218 "Оғни Мангистау" газеттерінде жарияланған), 2008 жылғы 18 ақпандағы "Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "2008 жылға арналған қалалық бюджет туралы" N 5/34 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 6/49 шешіміне (N 11-1-78 тіркелген 2008 жылы 15 наурыздағы N 43 (7270) "Маңғыстау" және 2008 жылы 15 наурыздағы N 43-44 (9972-9973) "Оғни Мангистау" газеттерінде жарияланған), 2008 жылғы 22 мамырдағы "Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "2008 жылға арналған қалалық бюджет туралы" N 5/34 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 9/88 шешіміне (N 11-1-83 тіркелген, 2008 жылы 7 маусымдағы N 88 "Маңғыстау" және 2008 жылы 7 маусымдағы N 91-92 "Оғни Мангистау" газеттерінде жарияланған) төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2008 жылға арналған қалалық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемде б е к і т і л с і н :

- 1) кірістер - 9 884 584 мың теңге, соның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша - 7 392 144 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша - 265 564 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 987 950 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері - 1 238 926 мың теңге;
- 2) шығындар - 10 332 947 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо - 448 363 мың теңге;

- 4) таза бюджеттік несиелендіру - 0 теңге;
5) қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо - 109 900 мың теңге, соның ішінде қаржылық активтерді сатып алуға - 109 900 мың теңге ;
6) бюджеттің тапшылығы (профициті) - 558 263 мың теңге;
7) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін қолдану) - 558 263 мың теңге".

2 тармақтағы :

1 абзацтағы "20,8" саны "18,5" санымен ауыстырылсын;
келесі мазмұндағы 5 абзацпен толықтырылсын:
"Шетел азаматтардың табысынан, төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығы - 9 5 , 8 % " .

4-4 тармақтағы "3 646" саны "4 006" санымен ауыстырылсын;

2 абзацтағы "3 183" саны "3 543" санымен ауыстырылсын.

2. Осы шешім 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Сессия төрағасы

Т. Көбегенов

Қалалық мәслихат хатшысы

Ж. Матаев

" К Е Л І С І Л Д І " :

Экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімінің бастығы

А.Н.Ким

16 шілде 2008 жыл